сынып жетекшілерге методикалық көмектер көрсетіліп, атқарылған жұмыстар бойынша талдаулар жасалып, алдағы жұмыстар бірлесе талқыланып отырды. Аптасына 1 рет сыныптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, тақырыптар бойынша оқушылармен жұмыстарды түрлі форматтарда ұйымдастыруда, түрлі іс-шараларға оқушыларды белсенді қатыстыруда жүйелі жұмыстар көрсетіп, оқушылардың жан-жақты дамуына жақсы ықпал жасап жүрген сынып жетекшілер қатарында З. Орынбасарова, А. Жұмбеков, Р. Нуртаева, Б. Қырановтарды атап өтуге болады.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында барлық сыныптар бойынша ата-аналарға және оқушыларға жаңа оқу жылына байланысты жиналыстар өткізіліп, тәрбие жоспарымен таныстырылып, алдағы ұйымдастырылатын жұмыстар назарға ұсынылып, ата-аналар комитеттері сайланды. Білім күніне орай, «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық» тақырыбында салтанатты жиыны «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық» тақырыбында 1-11- сынып оқушыларына сынып сағаттары өтілді.

Қазан айында «1 қазан-Халықаралық карттар күні» және «Ұстаздар күні» онлайн құттықтау шарасы, қараша айының 23 жұлдызында «Жалпыұлттық адамзаттық құндылықтар» тақырыбында сынып сағаттары, эссе жазу, сурет салу байқауы, 23-26 қараша аралығында сынып жетекшілер және кітапхана қызметкерлерінің бірлесе ұйымдастыруымен «Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы» сынып сағаттары және бейнебаян көрсетіліп, өткізілді. Желтоқсан айында «1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күні» тақырыбы аясында мектеп кітапханасында танымдық сабақтар, «Бір Ел, бір тағдыр» тақырыбында эссе жазу, «Менің тұңғыш Президентім», «Менің Қазақстаным» тақырыбында сурет салу және «Ғасырдың керемет азаматы» атты онлайн көрмесі ұйымдастырылды. «16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні» мерекесі қарсаңында сыныптарда тақырыпқа сай тәрбие сағаттары өткізіліп, тарих-құқық-дінтану пәндер бірлестігі ұйымдастырған апталыққа оқушылар «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты мәнерлеп оқу сайысына, «Отаным махаббатым» эссе жазу байқауына және «Ислам діні» пікір алмасу шарасына белсене қатысты және «Жас ұлан» ұйымы қатарына үздік оқушыларды қабылдау шаралары өткізілді. 30-31 желтоқсан күндері сыныптарда онлайн жиналыстар өткізіліп, 1 жарты жылдық оқу қорытындысы бойынша қорытындылар жасалып, қысқы маусымға байланысты қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді.

2023 жылдың қаңтар айының 1-10 күндері аралығында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Қазақстан балалары-қысқы ғажайып» тақырыбында өткізілген іс-шараларға оқушылар «Өз қолдарымен ашық хат», «Менің отбасым», «Таланттар әлемі», «Көркем сөз», «Отбасылық шеберхана» онлайн байқауларына қатысып, шығармашылық ізденістерімен көпшілік ықыласына бөленді.

Желтоқсанның 9 ақпанында «М.Мақатаевтың 90 жылдығы» мерейтойына орай оқушылар арасында «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы, сыныптарда тақырыпқа сай тәрбие сағаттары өткізіліп, ақынның өмірі мен шығармашылық еңбегі кеңінен насихатталды. Мектеп кітапханасында «Хан Тәңірінің мұзбалағы» атты танымдық сабақ өткізіліп, ақын жырларының құдіреті, адам өміріндегі маңызы жайлы іс-шара жалғасын тапты. Ақпан айының 16 күні Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің бастамасымен өткізілген «Отбасы-бақыт мекені» шарасы аясында ұйымдастырылған «Әке – өмір тірегі» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары диктант жазып, іс-шараға белсенді қатысты.

Наурыз айында «1 наурыз-Алғыс айту күні» мерекесіне орай «Ризашылық-мейірімділік бұлағы» апталығы өткізіліп, оқушылар арасында «Алғыс айту-адамзаттың асыл қасиеті» сынып сағаттары, «Менің елім-Мәңгілік ел» атты суретшілер байқауы, «Құшағын ашқан бәріне, туған жер, саған мың алғыс!» тақырыбында дөңгелек стол, «Татулықтың белгісі-бірліктің белгісі» мәнерлеп оқу челленджі, «Алғыс айту-игілік сыйлау» қайырымдылық акциясы, «Алғыс айту парызым» тақырыбындағы жас ақындар мүшайрасы

өткізілді. «Алғыс айту-игілік сыйлау» қайырымдылық акциясы аясында 7 сынып оқушылары ауыл тұрғындарының үйлеріне барып, шаруашылық жұмыстарына көмектесіп қайтты. «8 наурыз –Халықаралық әйелдер күні», «22 наурыз-Жыл басы» мерекелік іс-шаралар барысында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары жоғары деңгейде өткізілді. Алдағы уақытта тәрбие саласы бойынша жұмыстардың жүйелі түрде жүргізілуі басты назарда болады.

№166 орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар

№ 166 орта мектебінде 2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша арнайы іс-шара жоспары жасалды. 2022-2023 оқу жылында мектеп оқушылары арасында қылмыстылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кешкі мезгілде мектеп мұғалімдері, ата-ана, қоғамдық ұйымдар, ауыл әкімшілігімен бірлескен педпатруль ұйымдастырылып, арнайы бекітілген кесте бойынша ерікті түрде кезекшіліктер жүргізілді. Кезекшілік барысында кешкі сағат 21.00-23.00 арасында ауыл көшелерінде кездескен оқушылармен түсінік жұмыстары жүргізіліп, көшеде жүру мақсаттары айқындалып, үйлеріне қайтару жұмыстары заң асында жүргізілді. Сағат 23.00 ден кейін кездескен оқушылар болған жағдайда ата-анасына ескертіп, құқық қорғау органы өкілдері арқылы шара көрілетіні жайында сынып жетекшілер арқылы ата-аналарға үнемі ескертілді.

2022-2023 оқу жылы бойынша арнайы мақсатта бақылауды қажет ететін оқушыларды мектепшілік бақылауға алып, арнайы жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Мектепшілік есепке 1 оқушы алынып, мектеп психологы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сабақтан қалмауын үнемі қадағалап отырды. Есепке алынған оқушылармен жеке жоспарлар жасалып, оқушыларды үнемі бақылауда ұстау, ата-анасымен тығыз байланыста болу, сауалнамалар алу, тренингтерге қатыстыру, жеке қабылдау, іс-шараларға қатыстыру, бос уақытын тиімді өткізу шараларын жасау, жетекші тағайындау, психологиялық көмек көрсету жұмыстары назарға алынып, жұмыстар жүргізілді. «Қолайсыз отбасы», ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы жоқ.

Ата-аналарды тәрбие мәселесі бойынша арнайы қабылдау жұмыстары жүргізіліп, «Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша» жеке түсінік жұмыстары ұйымдастырылды. Аймақтық полиция өкілімен мектепшілік бақылаудағы оқушылармен жеке сұхбаттасу, түсінік жұмыстары жүргізілді. Себепсіз сабаққа бірнеше күн бойы қатыспаған оқушылар жайында әр ай сайын мониторинг жүргізіліп, оқушыларға және ата-аналарына түсінік жұмыстарын жүргізу назарға алынған сабақтан қалған оқушылар жөнінде сынып жетекшілер арқылы мәліметтер жинақталып, себептері анықталды. Жалпы алғанда ұзақ уақыт бойы сабаққа себепсіз қатыспай жүрген оқушы анықталған жоқ. Қосымша зерделеу жұмыстарын сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психологтер бірлесе ұйымдастыру арқылы жүргізілді.

18-19 қыркүйекте 8-11 сынып оқушыларымен ЖАІБ-ң жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы полицияға лейтенанты «Watsap» чаты арқылы «**Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу**» бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді.

28 қыркүйекте 1-11 сынып оқушылары ата-аналарымен сыныптарда онлайн жиналыстары өткізіліп, күн тәртібінде «**Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу**» мәселе қойылып, ата-аналардың бала алдындағы жауапкершілігі жөнінде талданды.

15 қазанда 9 сынып ер балаларымен «**Құқық бұзушылыққа жол жоқ!**» тақырыбында санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып дөңгелек стол өткізілді. Дөңгелек стол барысында оқушылармен әңгіме сұхбат түрінде пікір алмасып, заң талаптары жөнінде түсініктер жүргізілді.

6 қарашада «**Жасөспірім және заң**» тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында онлайн әңгіме-сұхбат жүргізіліп, заң талаптарына мойынсұну, білу, түнгі мезгілдегі құқық бұзушылықтар жайында кең көлемде түсініктер беріліп сұрақтарға жауап берілді.

26 қарашада 9-11 сынып қыз балалары арасында **«Балалар мен жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықтың профилактикасы мен жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу»** тақырыбында «Сырғалым» қыздар ұйымы жетекшісі, психолог маманы А. Қалымбетова және мектеп медбикесі Г. Жұмбакованың қатысуымен онлайн дәріс-сабақ өткізілді.

10 наурызда «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында АББ, аудандық прокуратураның бірлескен іс-шара аясында жиналысқа қатысты.

17 наурызда «Діни ахуалдың тұрақтылығын сақтау жастар арасында деструктивті діни идеологияның алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушылары онлайн сауалнамаға қатысты.

26 наурызда оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды күшейту мақсатында «Синтетикалық есірткінің таралуы және дәріханалық нашакорлық проблемалары» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізіліп, ҚР ІІМ министрлігі өкілінің арнайы бейнебаяны таныстырылды және жалпы ата-аналар назарына бейнедәріс ұсынылды.

«Әкелер одағы» және «Аналар кеңесі» ұйымдарының жұмыстары.

Мектепте жасөспірімдер арасындағы жұмыстарды бірлесе атқару үшін «Әкелер одағы» және «Аналар кеңесі» құрылып, бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Ата-аналар арасында балалар тәрбиесіне байланысты түсінік жұмыстарын жүргізу, түрлі тақырыптар бойынша қабылдау күндерін ұйымдастырып, дөңгелек стол, пікірсайыс түрінде іс-шаралар өткізіп тұру қазіргі таңда мектебімізде жүйелі түрде жүргізілуді. Нәтижесінде жасөспірімдер арасында келеңсіз жағдайларға тосқауыл қойылып, мектеп-ата-ана арасында тығыз байланыс орнатылды.

Адал ұрпақ 2022-2023 оқу жылында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының іс-шара жоспары құрылған. «Парасатты азамат» бұрышы құрылған. Тоқсан сайын оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған шаралар ұйымдастырылған. «Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру, «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады?» тақырыптарында пікірталас өткізілген. «Балаларға арналған ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты қасиеттерді насихаттайтын қойылым көрсету жұмысы жүргізілген. «Біздің таңдауымыз-құқықтық мемлекет» дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылының қыздар және ұлдар ұйымының жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Қыз баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, өткен тарихымызды білуге, оны қадірлеуге отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі» тақырыбында мектептегі 8-11 сынып қыз балаларымен дөңгелек үстел өткізілген. «Қызға қырық үйден тыйым» қыз балаларға мектеп тәлімгері баяндама оқылып, «Жаман әдеттен аулақ болайық!» мектеп тәлімгері қыз балаларға түсіндірме жұмысын жүргізген. «Ерте жүктіліктің алдын-алу» мектеп медбикесі қыз балаларға дәріс сабақ өткізіп, «Қызға – нәзіктік, Ұлға - батылдық» сұрақ жауап түрінде қыз балаларға қыздар ұйымының жетекшісі ұдайы жүргізіп отырған. «Аяулы әже, ардақты ана, ару қыз» қыз балалармен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен қыз балаларға дөңгелек үстел жүргізілген.

№166 орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылында тәрбие саласы бойынша фейзбук парақшасына жарияланған материалдар

№	Іс шара атауы, мазмұны
1	15 желтоқсан күні №166 орта мектебінде 16 желтоқсан құрбандарын еске алу, Тағзым күні, ҚР. Тәуелсіздігі күніне орай, сынып жетекшілер оқушылармен "Айбыны асқақ, тұғыры биік Тәуелсіздік" тақырыбында тәрбие сағаттарын өтті. https://www.facebook.com/100041983057802/videos/457809796549229/

2	Тұғыры биік, маңыздылығы шексіз, ұлтымыздың ұлы жетістігі "Тәуелсіздіктің 31 жылдығына" орай, 15 желтоқсан күні №166 орта мектебінде 7-9- сынып оқушыларымен мектеп кітапханашысы Алма Сейдікәрімқызы ұйымдастыруымен "Тәуелсіздіктің дара жолы" атты дөңгелек үстел өткізілді.
3	15 желтоқсан күні №166 орта мектебінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған «Тәуелсіздіктің рухы биік,даңқы асқақ» атты салтанатты жиыны өткізілді.
4	1 желтоқсан күні №166 орта мектебінде Орынбасарова Забира Асанқызы 11- сынып оқушыларына "АИТВ/ЖИТС-қауіпті дерт" тақырыбында сынып сағатын өткізді.
5	30 қараша күні №166 орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «20 минут кітап оқы, 3 минут эссе жаз»атты акциясы ұйымдастырылды. Акцияға 7-9-сынып оқушылары қатысты.
6	30 қараша күні 25 қараша -10 желтоқсан аралығында Республика аумағында "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" республикалық акциясы аясында Салауатты өмір салты фракциясының жетекшісі Қалымбетов Ардақ Тұрсынбайұлы "Зорлық-зомбылыққа қарсымыз" тақырыбында волейболдан сыныпаралық жарыс ұйымдастырды.
7	2 желтоқсан күні №166 орта мектебінде"Зорлық- зомбылықсыз 16 күн" акциясына сәйкес, 5-10- сынып оқушыларының арасында "Күлкі жанның шипасы" тақырыбында КТК сайысы өткізілді.
8	23 қараша күні № 166 орта мектебінде 5-6-7-сынып қыздарының арасында «Қыз еркем,қылығы көркем!» атты қыз сыны байқауы өтті.
9	24 қараша күні №166 орта мектебінде жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды түсіндірудің бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес, учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Аметов Нұрхан Касымханович 7-8-9-сынып оқушыларына бейнероликтер көрсетіп, құқық бұзушылыққа байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді
10	17 қараша күні №166 орта мектебінде зорлық-зомбылыққа қарсы онкүндік іс-шара жоспарына сәйкес, 5-8 сынып оқушылары арасында "Бала құқығы", "Зорлық-зомбылыққа жол жоқ" тақырыбында сурет байқауы өткізілді.
11	16 қараша күні №166 орта мектебінде "құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылық, нашақорлықтың, буллинг, кибербуллингтің алдын алу бағытындв Құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылық, нашақорлықтың, буллинг, кибербуллингтің алдын-алу жағдайлары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
12	15 қараша күні №166 орта мектебінде 5-7 сынып оқушыларына"Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" "тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.
13	14 қараша күні №166 орта мектебінде 20 қараша Халықаралық балаларды қорғау және "Қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқанына байланысты 5-6 сыныптар арасында "Сен өз құқығыңды білесің бе? " тақырыбында топтық сайысы өткізілді.
14	НАШАҚОРЛЫҚ - ҒАСЫР ДЕРТІ 7 қараша күні №166 орта мектебінде «Есірткі және нашақорлықтың алдын алу» профилактикалық шараларының 2022-2023 оқу жылына арналған бірлескен іс - шаралар жоспарына сәйкес, "Нашақорлық - ғасыр дерті" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.
15	Берекелі алтын күз» атты мерекелік іс-шарасы №166 орта мектебінде 9- сынып оқушыларының ұйымдастыруымен өтті.

16	14 қазан күні "Жастар ресурстық орталығы" КММ, "Жаңақорған КВН" филиалының ұйымдастыруымен аудандық "Жайдарман" ойынының маусымашар ойынына "Екпінді" құрамасы өнегелі ойын көрсетіп, 1/8 ойынға жолдама алды.
17	2022 жылдың 17-21 қазан аралығында ағылшын тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында 166 мектебінде "English is the key of solidarity" атты ағылшын тілі апталығы басталды.
18	13 қазан күні №166 орта мектебі "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 7-сынып оқушыларымен мектеп кітапханашысы Прманова Алма Сейдікәрімқызы 15 минуттық үзілісте тренинг ойындар өткізді.
19	14 қазан күні №166 орта мектебінде «Еңбек еткен – мұратқа жеткен» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.
20	13 қазан күні №166 орта мектебінде Салауатты өмір салтын ұстану мақсатында волейболдан сыныпаралық жарыс ұйымдастырылды.
21	Облыстық білім басқармасының оқу орталығының 2022 жылғы 6 қазандағы №787 санды хатына сәйкес, №166 орта мектебінің "Жас Ұлан" ұйымының белсенді мүшелерімен "ЕСО-ALEM" экологиялық үстел ойыны ұйымдастырылды.
22	7 қазан күні №166 орта мектебінде Ұстаздар мерекесіне орай салтанатты мерекелік шара өтілді.
23	27 қыркүйек күні №166 орта мектебінде бастауыш сынып оқушыларына "Жолда жүру ережесін білесің бе?" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.
24	Бүгін қазақтың ұлы жазушысы, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай, №166 орта мектебінде "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханашысы Прманова Алма Сейдікәрімқызы оқушыларды қазақтың ұлы жазушысының өмірі мен шығармашылығымен таныстырды.
25	20 қыркүйек күні №166 орта мектебінде " Оқуға құштар " жобасы аясында мектеп 26 кітапханашысы Алма Сейдікәрімқызы оқушыларға кітапханаға саяхат жасап, бүлдіршіндерге ертегілер көрсетілді.
27	20 қыркүйек күні №166 орта мектебінде 8-11-сынып оқушыларына жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
28	26 маусым нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай, №166 орта мектебінде мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, волейболдан сыныпаралық жарыстар өткізілді.
29	4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні. Осы атаулы күнді №166 орта мектебі жұмысты Мемлекеттік әнұранымен бастады. Мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңба және Әнұран Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ, рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілері.
30	25 мамыр күні №166 орта мектебінің бітірушілеріне арналған «ТҮЛЕК 2022 — жаңа Қазақстанның ертеңі» атты мерекелік жиыны болып өтті. Жиынға арнайы қонақтар, ардагер ұстаздар, оқушылар мен ата-аналар қатысты. Мерекелік жиында ҰБТ-ға қатысушыларға, сондай-ақ, барша түлектерге Ақ жол тіледі.
31	24 мамыр күні №166 орта мектебінде аудандық білім бөлімінің № 608 хатына сәйкес, «Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі, балалар арасында қылмыстылық пен келеңсіз әрекеттерді болдырмау алдын- алу жағдайлары» туралы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті.
32	13 мамыр күні №166 орта мектебінде оқушылардың ұжымдық еңбекке тәрбиелеу, өздігінен іздене білуге үйрету, ана тілімен қатар ағылшын тілін құрметтеуге үйрету мақсатында 5-10-сынып оқушылары арасында "Retro music festival" бодып өтті.

33	1 мамыр күні №166 орта мектебінде оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен тілін дамыту, ағылшын тілінде еркін сөйлеуге дағдыландыру мақсатында "Karaoke BATTLE" сайысы болып өтті. Сайыс тартысты, қызықты болып өтті.
34	13 мамыр күні №166 орта мектебінде 7—9 сынып ата—аналары арасында жасөспірімдердің құқық бұзушылық профилактикасы жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, Кәмелетке толмағандардың қылмыстылық профилактикасы жөніндегі ақпараттық бейнероликтер көрсетілді.
35	12 мамыр күні № 166 орта мектебінде танымал актёр Ержан Жарылқасынұлымен кездесу болып өтті. Кездесу «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, өнерге қызығушылығы бар оқушылардың қатысуымен өтті.
36	6 мамыр күні №166 орта мектебінде "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында "Ертегіні оқы да сыйлық ұтып ал" тақырыбында оқырмандар сайысы өтті.
37	6 мамыр күні №166 орта мектебінде Спорт және Салауатты өмір салты фракциясының жетекшісі Қалымбетов Ардақ Тұрсынбайұлының ұйымдастыруымен волейболдан жарыс ұйымдастырды
38	4 мамыр күні №166 орта мектебінде Би-шешендердің нақыл сөздерін дәріптеу мақсатында 7-10-сынып оқушылары арасында Қойылымдар күні сайысы болып өтті.
39	3 мамыр күні №166 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері 7-10- сынып оқушыларымен "Тіл білгірі" интеллектуалды ойынын ұйымдастырды
40	29 сәуір күні №166 орта мектебінде 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған "Бірлігі жарасқан Қазақстан" атты әдеби музыкалық кеш өткізілді. Мектеп оқушылары түрлі ұлт өкілдерінің тілінде құттықтаулар, тағам түрлері мен әндерін айтып, билерін биледі. Кеш соңында түрлі номинациямен марапатталды
41	"Кітап- ақылды қуаттандыратын құрал" демекші, ілім- білімнің сарқылмас қазынасын кітаптан алатынымыз рас. 19 сәуір күні №166 орта мектебінде "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында Балалар жылына байланысты мектеп кітапханашысы Прманова Алма Сейдікәрімқызы "Кітапханадағы бір күнім" тақырыбында танымдық сабағын өтті.
42	№166 орта мектебінде 11-15 сәуір аралығында " Математика ғылымның құпиясы тұңғыш, көз жетпейтін мұрасы тым биік" тақырыбында математика пәні апталығы өтті.
43	2022 жылдың 11-15 сәуір аралығында «Мен және менің полицейім» республикалық акциясы аясында N166 орта мектебінде 8-9 сынып оқушыларымен Жаңақорған аудандық полиция бөлімі кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор полиция капитаны Нұрлан Абуталипов жұмыс саласындағы қызыққа толы оқиғаларымен бөлісті.
44	15 сәуір күні №166 орта мектебінде 6-7- сынып оқушыларына "Өз құқығыңды білесің бе? " тақырыбында сынып сағаттары өткізілді
45	№166 орта мектебінде "Интернетсіз бір күн" акциясы аясында мектеп оқушылары өздеріне ұнаған істерімен айналысты.
46	7 сәуір күні №166 орта мектебінде Облыстық білім басқармасының 2022 жылғы 04 сәуірдегі №07-20/1215 санды хатына сәйкес, "Қауіпсіз интернет" тақырыбында ұйымдастырылған іс-шара аясында Информатика пәні мұғалімі Қошқаров Биболат Мұсылманбекұлымен кездесу ұйымдастырылды
47	13 сәуір күні №166 орта мектебінде биология және химия пәні мұғалімі Ниязова Ғалия Серікқызы "Туған жер табиғаты" тақырыбында бейнеролик сайысын ұйымдастырды..
48	13 сәуір күні №166 орта мектебінде 8-9-сынып оқушыларына "Құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

49	12 сәуір күні №166 орта мектебінде Ғарышкерлер күніне орай "Әлемге танылған ғарышкер" тақырыбында 6-7- сынып оқушыларымен сурет салу байқауы ұйымдастырылды.
50	8 сәуір күні №166 орта мектебінде қыздар ұйымының жетекшісі Абдраманова Венера Сарбасқызы жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктілікті және АИТВ/ЖИТС-ті алдын алу мақсатында «Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
51	8 сәуір күні №166 орта мектебінде тазалық акциясы аясында сенбілік өтті.
52	8 сәуір күні №166 орта мектебінде ақын, түркітанушы, ғалым, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, "Ұлт ұстазы" тақырыбында ашық сабақтар өткізілді.
53	6 наурыз күні №166 орта мектебінде 7-сынып жетекшісі Абдраманова Венера Сарбасқызының "Ертеңді ойласаң- есірткіге жолама" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.
54	5 сәуір күні №166 орта мектебінде 8-9-10- сыныптар аралығында фракциялардың қатысуымен “Ұшқыр ой алаңы” дебат қозғалысы аясында ойын өтті.
55	25 наурыз күні №166 орта мектебінде Жаңақорған аудандық білім бөлімінің нөмірі 339 (04—44/181) санды хатына сәйкес, кәмелетке толмағандардың құқықтарының қорғалуы және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ата-аналар жиналысы өткізілді.
56	№166 орта мектебінде "Қош келдің әз-Наурыз” апталық іс-шаралар жоспары аясында" Бір сынып, бір ағаш"тақырыбында сенбілік ұйымдастырылды.
57	№166 орта мектебінде “Қош келдің әз-Наурыз” тақырыбындағы апталық іс-шаралар жоспары аясында спорттық ойындардан сынып арасында жарыстар ұйымдастырылды.
58	№166 орта мектебінде "Қош келдің, әз- Наурыз" тақырыбындағы апталық іс-шаралар жоспары аясында мерекелік тәрбие сағаты өткізілді.
59	1наурыз күні №166 орта мектебінде мектеп кітапханашысы Прманова Алма Сейдікәрімқызының "100 жаңа оқулық" бағдарламасын іске асыру мақсатында 5- сынып оқушыларымен "Кел, балалар оқылық" тақырыбында "20 минут оқы да, 3 минутта мазмұнын айт" кітап оқу акциясын ұйымдастырды.
	наурыз күні №166 орта мектебінде кітапханашы Прманова Алма Сейдікәрімқызының ұйымдастыруымен 2-3-сынып оқушыларымен бірлесіп, 13 түрлі тақырыптан тұратын "Даналық әліппесі" кітаптар топтамасымен таныстырды.
60	7 наурыз күні №166 орта мектебінде "Ана- өмірдің гүлі" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.
61	№166 орта мектебінде"Алғыс айту парызымыз" тақырыбында сынып сағаттары мен сурет байқауы ұйымдастырылды.
62	5 ақпан күні №166 орта мектеп кітапханасында «Әжем айтқан ертегі» атты дауыстап оқу 2-3-сынып оқушыларымен мектеп кітапханашысы Прманова Алма Сейдікәрімқызы ұйымдастырды.
63	11 ақпан күні Ауғанстаннан әскерлердің шығарылуының 33 жылдығына орай, Екпінді ауылдық клубы, ауылдық кітапханасымен бірге өткен "Жастығын жалын шарпыған" тақырыбында Ауған соғысының ардагері А. Алдабергеновпен кездесу кеші өтті. Кездесуді ауыл әкімі Қайрат Тұрсынұлы ашып, ерліктері туралы баяндап, жастарды өз Отанын сүйе, жаудан қорғауға, өз елінің патриоты болуға шақырды.
64	11 ақпан күні №166 орта мектебінде оқушылар мен кітапхананың байланысын нығайту мақсатында "100 жаңа оқулық" тақырыбында BOOKDATING кітапқұмарлар алаңы өтілді
65	8 ақпан №166 орта мектебінде Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында "Өрт- тілсіз жау" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
66	7 ақпан күні №166 орта мектебінде мектеп медбикесі Жұмбекова Гүлмира мен қыздар ұйымының жетекшісі Абдраманова Венераның ұйымдастыруымен 7-8-9-10-11- сынып қыз балаларына қыздар жиналысы болып өтті.

67	3 ақпан күні №166 орта мектебінде 8-9-10-11- сыныптар аралығында яғни, 4 фракцияның қатысуымен “Ұшқыр ой алаңы” дебат қозғалысы аясында ойын өтті.
68	2 ақпан күні №166 орта мектебінде " Интернет желісіндегі балалардың қауіпсіздігі" тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті.
69	1 ақпан күні №166 орта мектебінде "Интернет желісінің пайдасы мен зияны" тақырыбында бірінші сынып сағаттары өтілді.
70	21 қаңтар күні №166 орта мектебінде тарих пәні мұғалімі Орынбаев Мақсат Қыдырбайұлы "Діни экстремизм мен терроризм" тақырыбында 10-11- сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
71	Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың пайда болу себептері мәселелерін шешу мақсатында 26 қаңтар күні №166 орта мектебінде Жаңақорған АІІБ-нің ЖПҚБ-нің ЮПІТ-ның инспекторы Абуталипов Нұрлан "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық және әлімжеттік" тақырыбында дәріс өтті.
72	24 қаңтар күні №166 орта мектебінде 5-сынып оқушыларымен « Мемлекеттік Рәміздерім-мақтанышым» атты тәрбие сағаты өткізілді.
73	15 желтоқсан күні №166 орта мектебінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздік қасиетім, қастерлім" тақырыбында оқушылар арасында жастардың компетенциясын арттыру, шеберлікті дамыту, информацияны саралау мақсатында "Ұшқыр ой алаңы" дебат турнирі болып өтті.
74	Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 30 жыл. 15 желтоқсан күні №166 орта мектебінде 16 желтоқсан- Тәуелсіздік күніне арналған "Елімнің жүрегін тербеткен Тәуелсіздік" тақырыбында мерекелік іс-шара болып өтті.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылы білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған тәрбие жұмысы талапқа сай жүргізілген.

Бағалау нәтижесі: Тәрбие 2023-2024жж. № 166 орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жоспары Қазақстан Республикасының Білім және министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының 15-қосымша,Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары: 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы

тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

№166 орта мектебінде тәрбие жұмыстары 3 бағыт бойынша жұмыстар ұйымдастырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Мектепте жылдық есеп бойынша жалпы оқушы саны 207 оқушы,

сынып комплектісі – 12, қазақ оның ішінде көпбалалы отбасының шыққан оқушылар саны- 156 , аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларының саны – 56, қыстық киіммен қамтамасыз етілген оқушылар саны – 44 , ата – ана қамқорлығынсыз қалған және жетім бала саны – жоқ .

Жылдың соңында Ювеналды полиция тобы бөлімінде есепте тұрған оқушы

жоқ. Мектепшілік есепте тұрған оқушы саны – 1. Сәтсіз отбасында

тәрбиеленіп жатқан отбасы саны – 0. Міндетті оқу қорынан ыстық тамақпен қамтылған оқушылар – 108,

2023 – 2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы

келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа ала отырып жұмыстар атқарылды.

1. Ұлттық мүдде

2. Ар – ұят

3. Талап

Осы үш құндылық бойынша атқарылған іс – шаралар.

2023 жылдың 1 қыркүйек күні мектебімізде Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізілді. Бұл күндері кең байтақ Қазақ елінің барша мектептері мен жоғары оқу орындарында

Білім күні кеңінен аталып өтуде. Бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күні барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Әр адамның жүрегіне ерекше әсер қалдыратын бұл күн жастардың басын біріктіреті де сөзсіз. Дәл осы күннен бастап, алғашқы қоңырау үнімен бірге, әр адам өмірінің жеке

тұлға және азамат ретінде қалыптасу кезеңі басталары анық. Сонымен қатар, Білім күніне арналған «Менің мектептегі алғашқы күнім», «Менің жарқын жазғы оқиғаларым», «Менің саяхатым», «Менің үлкенсыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім» атты сынып сағаттары өткізілді. Білім күні мектебіміздің 8-11 сынып жасөспірімдер арасында «Құқық бұзушылық пен қылмыстың, суицидтік жағдайлардың алдын-алу және болдырмау» тақырыбында және «Жолда жүру ережелері»қауіпсіздік шаралары туралы ДТІЖО

М. Тайшыков оқушылармен жолда жүру ережесі бойынша жиналыс өткізіп, баяндама оқып, профилактикалық жұмыстар жүргізді. Білім алушылардың жаяу жүргінші жолағымен өту

керектігі туралы практикалық дәрістер өткізілді. Жолда жүру қауіпсіздік ережелерімен таныстырды. Сонымен қатар, Білім күніне арналған іс-шарада оқушылардың өмір қауіпсіздігін қадағалау мақсатында мектептің тәрбие бөлімімен бірлескен кезекшілік өткізіп, білім алушыларды қауіпсіздік шараларымен толықтай таныстырды.

05.09.2023ж. күні «Мәңгілік – ел, мәңгілік тіл» атты тілдер мерекесіне арналған онкүндік жоспары бойынша, «ҚР тілдер мерекесі, ұлт ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 151 жыл» атты саптық жиын өткізілді.

Салтанатты іс-шарада мектебіміздің дарынды оқушылары ән айтып, арнау өлеңдерін оқып көпшілікті өзіне тәнті етті. Саптық жиынға 8 – 11 сынып оқушылары қатысты. Ұлы Ахмет Байтұрсынұлының 151 жылдығына

арналған әдеби сурет бөлмесі. Оның есімі мен тұлғасы Қазақстан тарихында мәңгілікке қызыл жiп болып жазылып қалды. Ақын, ғалым – қазақ халқының бақытты болашағы үшін жанын қиған түркітанушы, аудармашы, ұстаз, публицист және өз Отанының нағыз патриоты. Кезінде әділетсіздіктің құрбаны болып, жарты ғасырдан астам уақыт бойы оның есімі еш жерде аталмаған. Енді ғана тарих өзгерген жағдайда осындай көрнекті қоғамқайраткерлерінің есімдері халыққа қайтарылды. Мақсаты: жүргізушілер қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, ақын, ғалым, ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығымен таныстырды. Өлеңдер оқылды, бейнежоба, музыка жазылды, слайдтар, кітап көрмесі жасалды.

№166 орта мектебі КММ 2023 жылдың қыркүйек айының 11 жұлдызында Алматы облысының эвакуациялық комиссия отырысының хаттамасына сәйкес сейсмо жаттығулары өткізілді. Жаттығуға 8-11 сынып оқушылары мен бастауыш сынып оқушылары қатысты. Сейсмо жаттығу кезінде мектепте оқу дабылы қағылып, барлық оқушылар қауіпсіздік аймаққа шығарылды. Сынып жетекшілер оқушылардың санын түгендеп, штаб басшысына мәлімет берді. Мектептің азаматтық қорғаныс басшысы оқушыларға және ұстаздарға төтенше жағдайлардың алдын-алу мақсатында сейсмо жаттығулар кезіндегі нұсқаулықтармен таныстырды.

«5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері мерекесіне» орай 6-сыныптар арасында «Үшқыр ой мен шешен тіл» атты интеллектуалды сайыс өтті. «Ғабиддин Мұстафин кезінде түрлі- түрлі байлық бар солардың тандауын берсе, мен тіл байлығын тандар едім, өйткені, тіл байлығы бәрінен де сенімді байлық» деген екен. Сайысымызда Ғабиддин атамыз сынды кез келген жағдайда тіл байлығын тандайтын тіл жанашырлары бақ сынады. Сайысқа қатысқан топтар: «Көшбасы», «Үздіктер», «Тіл сақшылары». Мақсаты: Мемлекеттік тілді құрметтеу, сыйлау, ана тілдерін қастерлеу, сезімдерін қалыптастыру. Сөздік қорларын байыту. Ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді дұрыс қолдана білу, ұғыну, түсіну ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылыққа баулу. Сайыс соңында «Тіл сақшылары» тобы білімімен, тапқырлығымен ерекшеленіп, жүлделі I орынды иеленді. Ал «Көшбасы» және «Үздіктер» топтары 4 кезең бойынша тең түсіп, топтардың топбасшылары үшін 5 кезең ұйымдастырылды. Бұл кезеңде «Көшбасы» тобының топбасшысы өзінің нағыз «Көшбасшы» екенін дәлелдеп II орынды иеленді. «Үздіктер» тобына жүлделі III орын бұйырды. Ұйымдастырған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абдраманова Венера. Әр дәуірге лайықты кемеңгер адамдар өмір сүреді. Ал қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған ұлы адамдар өмір сүрді. Бір басында сан салалы өнер тоғысқан, тілегей теңіз энциклопедиялық білім иесі қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі Ахмет Байтұрсынұлына биыл 151 жыл толуда. Ахмет Байтұрсынұлы « Ұлттың сақталуына да,

жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады»- деп өз ана тілімізді құрметтеуге, қадірлеуге, ұлттық санамызды, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға шақырады. Осы орайда «5 қыркүйек – Қазақстан тілдер мерекесіне» орай мектебіміздің 11 «Б», 7 «Б» сыныптары арасында «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты дөңгелек стол өтті. Оқушылар Ахметті жан-жақты тануға атсалысты. Өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ұйымдастырушы: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абдраманова Венера Сарбасқызы.

Отбасы күніне орай 8- сынып оқушылары арасында «Отбасы бақыт мекені» атты тәрбие сағаты өткізілді. Отбасы сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт- дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Бала тәрбиесінде және оның дара тұлға болып қалыптасуында ата-ананың ролі мен отбасы құндылығының маңызы өте зор ..

Өнегесі мол отбасы болу перзент үшін ғана емес, ел үшін де ерекше рөл атқарады. «Елін сүйер сеніңіз, өз отбасын сүйе алған» демекші жанұяда жарасым тауып, ізгілік пен махаббатқа шомылып өскен бала болашақта елдің тірегі бола алады. Бізге тәрбие беріп, бүгінге дейін жеткізген ата-анамызды,

ата-әжелерімізді құрметтеп, алақанымызға салып, жан жылуымызды молынан сыйлауымыз қажет.

9-10 сыныптарымен мешіттің бас имамымен кездесу жүргізілді. Имам балаларға ата-ана арасындағы байланыс, қадірлеп құрметтеу мақсатында әңгіме жүргізілді. Оқушыларда өз ойларын ортаға салып, пікірлерін

айтты, имам балаларға жақсылықтың жаршысы болуға шақырды, имандылық- тазалықтың бастауы екенін түсіндірді. Қашан да мейірімді, бір-біріне деген бауырмалдылық қасиетті жоғалтпау қажеттілігі жайлы тоқталып. Кездесу жоғары деңгейде өтті, оқушылар имандылық жағынан керемет ақпарат алды.

Қарттар-асыл қазына! Даналықтың алтын кілті- ата-бабаларымыз қарттарды ежелден құрмет тұтқан. Бұл-ата жолын жалғап келе жатқан дәстүр болғандықтан біздің мектебізде “Қарттар күніне” орай, мерекелік іс-шара

ұйымдастырылды. Мектебімізде қазыналы қарттар күніне орай өткізілген іс-шаралардың жастар бойына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеп, оралы сөздерден өнеге алуға баулуда атқаратын ролі ерекше екені сөзсіз. Мерекелік іс-шара соңында қарт ұстаздарды құттықтап, гүл шоқтарын табыс етті.

8-9 сынып оқушылар аралығында Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне арналған жарыс өткізілді және түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп медбикесі Жұмбаева Гүлмира және мектебіміздің дене шынықтыру пәндерінің мұғалімдері өткізді.

Әлемді өзгертуге келген келген біздің шәкірттер мектептің тыныс –тіршілігін бір күнге т.бегейлі өзгертті «Мектеп Парламенті» мүшелерінің ұйымдастыруымен «Дублер күні» күні өткізілді. Мектебімізде 2023 жылғы 5 қазан күні өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында мұғалімдер күніне орай «Дублер күні» білім алушылардың өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды. «Мектеп Парламенті; мүшелері мектебіміздегі барлық сыныптардың топбасшыларымен бірлесе жоспар құра отырып, ұстаздар қауымының көңіл-күйлерін көтеріп, жүректерін нұрға толтырды. Парламент мүшелері таңертең мектеп оқушыларын қарсы алып, Қазақстан Республикасының Әнұранын орындап, ұстаздарды қарсы алып, мектеп әкімшілігінің, ұстаздардың атқаратын жұмыстарын өздері жасады. Мектеп Парламенті; президенті бастамасымен, ұстаздардың бір күнін шаттыққа толы ету үшін жұмыс жасады. Жас жеткіншектердің шығармашылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін, коммуникативті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру

мақсатында атқарылған жұмыстар өзінің оң нәтижесін берді. Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау кезінде үш деңгей ескеріледі.. Бірінші деңгей – оқушының әлеуметтік білім алуы мен күнделікті өмірде әлеуметтік шынайылықты түсінуі. Екінші деңгей – оқушының өмірлік тәжірибе мен қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) оң көзқарасы, жалпы әлеуметтік шынайылықты құндылық ретінде қабылдауы. Үшінші деңгей – оқушының әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесіне өз бетінше ие болуы. Сыныптарда тәрбие жұмыстарын жоспарлы түрде іске асыру үшін бекітілген жоспарға сәйкес апта сайын тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіліп отыр. Ата-аналармен және оқушылармен атқарылатын жұмыстар барысында күнделікті сынып жетекшілермен байланыс жасалып, методикалық көмектер беріліп, тәрбие сағаттарының сапалық деңгейін қадағалау, іс-тәжірибелер алмасу мақсатында сынып жетекшілер тарапынан ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, бірлестік жиналыстарында өткізілген тәрбие сағаттары талданып отырды. Ата-аналар және оқушыларға жыл бойында түрлі мәселелер бойынша қабылдаулар шараларын ұйымдастырып, әңгіме-сұхбат түрінде түсінік жұмыстары жасалды. Оқушылар және ата-аналар жиналыстары әр тоқсан сайын ұйымдастырылып, күн тәртібіндегі мәселелерде тәрбие саласына қатысты тақырыптар ортаға салынып, қаралып отырды. Жалпы 2023-2024 оқу жылында мектепшілік бақылауға 1 оқушы алынды. Мектепшілік бақылаудағы балалармен мектеп психологтері, әлеуметтік-педагог тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізіліп, оқушылар назарда ұсталып отырды.

Балалар арасындағы құқық бұзушылық жағдайларын болдырмау мақсатында жүйелі түрде жұмыстар жасалып, құқық қорғау органдары өкілдерімен тығыз байланыстар жасалды. №166 орта мектеп бойынша мектеп оқушыларының құқықтарының сақталуы бағытындағы жұмыстар қатарында 18-24 қараша аралығында 3-4, 5-6 сыныптарда сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаттары, 8-9 сыныптарда «Отбасындағы ата-ананың және балалардың ролі» тақырыптарында ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, «Дебат» клубы жетекшісі Ж. Бекенова ұйымдастыруымен 10-11 сыныптарда оқушылармен «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында пікірсайыс, ТІЖО М. Тайшыков «Бала құқығы» тақырыбы аясында оқушылармен жеке қабылдаулар барысында әңгіме-сұхбат түрінде жұмыстар ұйымдастырды. 8-10 сынып оқушылары арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу барысында сауалнама алынып, оқушылар арасында құқық заңнамаларының сақталуы барысы сауалнама қорытындысында талданып, назарға алынды. 2023 жылдың 25 желтоқсанында 8 сынып оқушыларына «Жасөспірім және заң» тақырыбында құқықтану пәні мұғалімі К. Әшімова, «Құқық бұзушылық және жасөспірім» тақырыбында 9 сыныптарға 2024 жылдың 22 қаңтарында тарих пәні мұғалімі М. Орынбаев жасөспірімдер құқығының сақталуы бойынша құқықтық сабақтар өткізді. 25 ақпанда 11 сыныптар арасында «Құқық және жастар» тақырыбы аясында дөңгелек стол өткізілді. Сәуір және мамыр айларында 8-9 сыныптарға «Дін және құқық», «Қылмыс пен жаза» тақырыптарында құқықтық сабақтар өткізілді. 7-11 сынып оқушыларынан «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын?» тақырыбында сауалнама алды. Қорытындысы зерделенді. Мектепшілік бақылаудағы және аз қамтылған, қолайсыз отбасы және өгей ата-анасымен бірге тұратын балалармен әңгіме-сұхбат өткізіп, күнделікті назарға алу бойынша жұмыстар ұйымдастырылды. «Жасөспірімдердің ішімдік пен нашақорлық туралы хабардарлығы деңгейін анықтау» тақырыбы аясында сауалнама алып, келеңсіз жағдайларды болдырмау мақсатында жұмыстарды атқарды. Мектеп психологы А. Қалымбетова өз тараптарынан зерделеу жұмыстарын назарға алып, жұмыстар ұйымдастырды.

Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, оқушылардың қозғалысын бақылауда ұстау, келеңсіз жағдайлардың алдын-алу мақсатында мектепшілік кезекшілік кестесі жасалып бекітілген және 3 этаж, сыртқы аулаға бекітілген мұғалімдер кезекшіліктері атқарылды. Кешкі мезгілдегі оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылық жағдайларының алдын-алу мақсатында кезекшілік кестесі құрылып, күнделікті бақылау

жұмыстары жүргізілді. Ай сайын және мейрам күндерінде ауылдық әкімшілік, құқық қорғау органы, ата-аналармен бірлесе отырып арнайы рейдтік шаралар өткізілді. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу», «Нашақорлықтың алдын-алу», «Жол көлік оқиғаларының алдын-алу» жұмыстарыда тәрбие жұмысының басты назарында болды. Мектепте әдістемелік нұсқаулықта ұсынылғанындай биылғы оқу жылында 4 негізгі жобалар іске асырылды:

1. «Мектеп парламенті» жобасы, өзін-өзі басқару ұйымы. Жетекші: Б. Қыранов -тәлімгер.1. Білім алушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы білім беру процесін демократияландыруға ықпал етеді және білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналады.

2. «Дебат қозғалысы» жобасы бойынша «Ұшқыр ой» дебаттық клубы. Жетекші: Ж. Бекенова – ағылшын пәні мұғалімі. Дебат – зияткерлік рөлдік ойын, бұл өзінде бар білімді қолдану біліктілігін қалыптастырады, функционалдық сауаттылығын дамытады және оқушының болашақтағы өзін-өзі жетілдіруінің кепілі болатын білім беру технологиясы.

3. «Оқуға құштар мектеп» жобасы. Жетекші: А. Прманова -кітапханашы.. Оқу сауаттылығы – табысты, бәсекеге қабілетті тұлғаны және оның қазіргі қоғамда коммуникативтік құзыретін қалыптастырудағы базалық дағдылардың бірі.

4. «Мектеп театры» жобасы бойынша «Сахна әлемі» үйірмесі. Жетекші: О. Ермаханов – бейнелеу өнері пәні мұғалімі. Оқушылардың шығармашылығын арттыру, театр мәдениетін оқушылар бойында қалыптастыру.

**№166 орта мектебі бойынша
2023-2024 оқу жылында тәрбие саласы бойынша
атқарылған іс-шаралар**

№	Іс шара атауы, мазмұны	Өткізілген мерзімі	Фейзбук парақшасындағы жарияланған материал сілтемелері
1	29 қараша күні №166 орта мектебінде "Оқуға құштар мектеп жобасы аясында 1-3 оқушыларымен 20 минуттық оқу, іс -шарасы аясында „Мен де оқимын, сенде оқы!,, тақырыбымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармаларына шолу жасады.	30.11.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/1rMdDkCZM8E7rCmE/
2	20 желтоқсан күні №166 орта мектебінде директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары О. Қошқарбековтың ұйымдастыруымен мектеп оқушыларына ”Мамандықтың бәрі жақсы” тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.	20.12.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/wArT66JXgKJUQBVi/
3	21 желтоқсан күні №166 орта мектебінде нашақорлыққа қарсы күрес және есірткі қылмысының алдын алу мақсатында «Нашақорлық ғасыр дерті» тақырыбында оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында нашақорлықтан түрлі аурулар туындайтыны жөнінде бейне роликтер көрсетілді.	21.12.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/qo6Q6xNKJtM5rQAy/
4	13 желтоқсан күні №166 орта мектебінде "Тоғыз айға- 9 іс- шара " жобасы аясында оқушылардың болашаққа деген құштарлықтарын арттыру мақсатында "Болашаққа хат" тақырыбында 8-9-10-сынып оқушылары бойынша шығарма	13.12.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/roJNGuPHLgxGdWqa/

	жазу жұмысы ұйымдастырылды. Оқушылар болашақтағы өздерінің үміттері мен армандарын қағаз бетіне түсіріп, қиялдарын жеткізе білді.		
5	20 желтоқсан күні №166 орта мектебінде "Оқуға құштар мектеп,, жобасы жүзеге асыру және білім беру ұйымдарының кітапхана жұмысын жандандыру мақсатында „20 минуттық оқу „жобасы жүзеге асыру оқу үдерісін дамыту және оқушылармен уақытты тиімді пайдалану үшін жұмыс жүргізілді.	20.12.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/gSoQSw7gyLaZgark/
6	19-22 желтоқсан күндері №166 орта мектебінде "Тәуелсіздік- тұғырым" тақырыбында тарих апталығы өткізілді	19.12.2023жж	https://www.facebook.com/share/p/jwkJ6VY4a4f1Sjzj/
7	26 желтоқсан күні №166 орта мектебінің жанынан ашылған "Нұр" шағын орталығында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әректі «Гүлдене бер, Қазақстан!» тақырыбында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, бүлдіршіндермен шара ұйымдастырылды.	26.12.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/jwkJ6VY4a4f1Sjzj/
8	№166 орта білім мектебінің жанынан ашылған "Нұр"шағын орталығы 28желтоқсан күні “Қош,келдің жаңа жыл!”” атты жаңа жылдық мерекелік іс-шарасы өтті. Іс-шараның шымылдығын "Нұр"шағын орталығының тәрбиешісі Ибраева Нұргүл әсем әнмен бастап, шараны мектеп директоры ашып берді. Ақшақар,Аю ,Аязата бүлдіршіндердің көңілін қуантатын кейіпкерлер ортада рөлдерді сомдады.	27.12.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/MWZmdmE9Ke3vpc88/
9	11 қаңтар күні №166 орта мектебінде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Жаңақорған АПб-нің ЖПҚб-нің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Қожахмет Наурызбай Палахметұлы 8-11 сынып оқушыларымен кездесіп, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу, топтық төбелесті болдырмау, интернет қауіпсіздігі мен кибербуллинг, нашақорлық, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.	11.01.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/qo6Q6xNKJtM5rQAy/
10	11 қаңтар күні №166 орта мектебінде "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында "Мен оқыған бір ертегі" және "Парасаттылық туралы" тақырыпта бастауыш сынып мұғалімдері өзі оқыған бір ертегі оқулығымен 2-3-4 сынып оқушыларымен бөлісіп, талқылады.	11.01.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/qo6Q6xNKJtM5rQAy/

11	16 қаңтар күні №166 орта мектебінде кезекті “Ұшқыр ой алаңы” қозғалысы барысында 10 сынып оқушылары арасында дебат болып өтті.	16.01.2023ж	https://www.facebook.com/100042663557346/videos/952851556499007/
12	" ДосболLike: достық қолын ұсын" акциясы 17 қаңтар күні №166 орта мектебінде "ДосболLike: достық қолын ұсын" акциясының мақсаты мен міндетін оқушыларға тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Тайшыков таныстырды.		https://www.facebook.com/100042663557346/videos/1099760347697071/
13	17 қаңтар күні №166 орта мектебінде кезекті “Ұшқыр ой алаңы” қозғалысы барысында 8 сынып оқушылары арасында дебат болып өтті.	17.01.2023ж	https://www.facebook.com/100042663557346/videos/1099760347697071/
14	23 қаңтар күні №166 орта мектебінде 7-8-9-10-11- сынып оқушыларына "Буллинг және Кибербуллингтің алдын алу" тақырыбында слайдтар көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.	23.01.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/BLqrx9Ji1j5MupE/
15	23 қаңтар күні №166 орта мектебінде "Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбы бойынша 8-9-10-11- сынып қыздарына мектеп медбикесі Жұмбаева Гүлмира және Екпінді ФАП акушеркасы Әлібаева Жұлдызай Мақұлбекқызы дәріс оқыды	23.01.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/RZ8glto85vz9T95o/
16	24 қаңтар күні №166 орта мектебінде тарих және география пәні мұғалімі Абай Тәңірбергенұлының ұйымдастыруымен 7-сынып оқушыларына Төлебидің туғанына 360 жыл толуына орай, „Төле би- даналықтың шежіресі" тақырыбында танымдық сабақ өтті.	24.01.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/png9A5GdKw8cSvCD/
17	26 қаңтар күні №166 орта мектебінде "Тоғыз айға 9 іс-шара" тұжырымдамасы бойынша "Қазақ есебі" ф-м.ғ.д.. профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым- математик Жұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шешуге арналған челленджі ұйымдастырылды.	26.01.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/png9A5GdKw8cSvCD/
18	24 қаңтар күні №166 орта мектебінде Ауған соғысының ардагері Абдраманов Абибулла ағамыздың қатысуымен Ауған соғысына 35 жыл толуына орай “ Ауған соғысы ардагерлері жоғары рухтың көрінісі” атты іс-шара өтті.	24.01.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/QJXqS5Tb7EDZLjb1/
19	№166 орта мектебінде 5-9 ақпан аралығында "Біз және табиғат" атты биология, география, химия пәндері апталығы өтті. Апталықтың алғашқы күні "Жаратылыстану әлеміне саяхат" тақырыбында 7-11 сыныптар пәндерге өлең шумақтарымен арнау арнады, әсем	14.02.2023ж	https://www.facebook.com/share/p/zWK3aPPt8hf5LGNf/

	ән шырқалды. Кеш соңында химиядан қызықты тәжірибелер жүргізілді. Апталық барысындағы өтетін іс- шаралармен Ниязова Ғалия Серікқызы таныстырды.		
